

ОӘЖ 005-027.21

**КӘСІПОРЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Баймұханов Қадыр Дәуренұлы

baimukhanov.96@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Менеджмент» мамандығының 1 курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.М. Бакирбекова

Бүгінгі таңда мемлекеттік органдардың қызметіне жататын экологиялық басқару мен табиғатты пайдалану талаптарын бақылаудан басқа, экономикалық субъектілерінің өздерінің экологиялық мақсаттарына, жобалары мен бағдарламаларына негізделген қызметі, яғни экологиялық менеджмент кең тарауда. Соңғы жылдардағы әлеуметтік және шаруашылық факторларға сәйкес, кәсіпорындарға өздерінің өндіріс құрылымын қоршаған ортаға әсер ету мөлшерін азайту мақсатында қайта қарауға тура келеді. Экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны тиімді пайдалану талаптарына сәйкес басқарудың тиімді жолы ретінде экологиялық менеджмент шешуші фактор ретінде негізделеді. Экологиялық менеджменттегі негізгі мақсаттар мен бағалау критерийлері экономикалық субъектілердің барлық экологиялық маңызды аспектілерінде жылдан жылға қол жеткізілуі тиіс үздіксіз жетілдіруді білдіреді, бұл жақсарту шаруашылық субъектілерінің экологиялық тәуелсіздігін бағалау үшін қажетті негізді құрайды. Осылайша, тиімді экологиялық менеджмент кәсіпорынға оның қызметіне мүдделі барлық тараптармен қарым-қатынаста «сенім кредиті» және «экологиялық ликвидтілікпен» қамтамасыз етеді. Бұл - экологиялық менеджменттің қоршаған ортаны формальды басқарумен салыстырғандағы басты артықшылығы [1]. 1-кесте қоршаған ортаны басқару принциптерін енгізу кезінде экологиялық басқару мен экологиялық менеджменттің іргелі айырмашылықтарын көрсетеді.

<i>Экологиялық басқару</i>	<i>Экологиялық менеджмент</i>
Мемлекеттік органдар мен шаруашылық жүргізуші субъектілер жүзеге асырады	Экономикалық субъектілер тарапынан ғана жүзеге асырылады.
Табиғатты қорғау заңнамасымен анықталатын сыртқы мотивацияланушы қызмет	Тиімділікпен анықталатын ішкі мотивацияланушы қызмет
Негізі міндеттелуші қызмет	Негізі инициативті және өз еркімен жүргізілетін қызмет
Қызметтік міндеттер мен тапсырмалар шеңберінде жүзеге асырылатын іс-шаралар	Менеджердің жеке мүддесінің түпкілікті нәтижелерге деген қызығушылығымен және оның біліктілігі және тәжірибесімен анықталады

Нәтижедегі басқару процесінің басымдылығы. Теріс нәтижелерді елемеу	Басқару нәтижелерінің процеске қарағанда басымдығы. Теріс нәтижелерді белсенді пайдалану
Бастапқы формальділік, консерватизм және шектеулер	Бастапқы инициативтілік, жаңа мүмкіндіктер, жолдар, шығармашылық аспектілерді табу қажеттілігі

1-кесте. Экологиялық басқару мен экологиялық менеджмент жүйелерінің негізгі айырмашылықтары

Кәсіпорын үшін қоршаған ортаны басқарудың маңыздылығы мен тиімділігін түсіну оны іске асырудағы барлық кедергілерді толығымен жоймайды, себебі келесі мәселе туындайды: кәсіпорында бұл басқару жүйесін қалай жүзеге асыруға болады? [2]. Басқаша айтқанда, кәсіпорында экологиялық менеджментті әдіснамалық қамтамасыз ету мәселесі, және де экологиялық менеджментті іске асыру бағдарламасын енгізу қажеттілігі туындайды.

Өнеркәсіптік кәсіпорында *экологиялық менеджмент жүйесінің (ЭМЖ)* табысты жұмыс істеуі оның ұйымдық құрылымын қалыптастырусыз мүмкін емес. Жүйенің құрылымдық ұйымдастырылуы иерархиялық бағындырудың пайда болуына, қоршаған ортаны басқарумен айналысатын компания қызметкерлерінің арасындағы байланысты туғызады. Практикалық тәжірибе көрсеткендей, ЭМЖ енгізудің көрінісі ретінде өнеркәсіптік кәсіпорнының ұйымдастыру құрылымында *экологиялық менеджмент қызметі*, ал кішігірім өндіріс жағдайында тиісті тапсырмаларды орындауға уәкілетті жеке білікті маман (экологиялық менеджер) болып табылады.

Бірқатар кәсіпорындардың тәжірибесі экологиялық менеджментті келесі кезеңдерде жүзеге асырудың орындылығын көрсетеді.

Бірінші саты. Ірі кәсіпорындарда әсіресе қажет экологиялық менеджмент бөлімінің қызметкерлерін қалыптастыру.

Екінші саты. Бөлім қызметкерлері кәсіпорын бойынша және одан тыс деңгейлерде қажетті мәліметтерге қол жеткізіп, өндірісті экологизациялау мәселелері бойынша өздерінің деректер банкін құрастыруға жағдай жасау.

Үшінші саты. Мемлекеттік экологиялық органдардың, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының, сондай-ақ бірқатар қоғамдық ұйымдардың кәсіпорында жаңа бөлім құру туралы ескерту.

Төртінші саты. Дәрістер мен семинарлар арқылы қызметкерлерге экологиялық білім беруді ұйымдастыру, бақылаушылар үшін кәсіпорында және одан тыс жерде экскурсия ұйымдастыру (мысалы, кәсіпорынның қоқыс алаңы), брошюраларды, ақпараттық бюллетеньдерді тарату және т.б.

Бесінші саты. Кәсіпорынның басқа бөлімдерінен және кәсіпорынның қызметкерлерін тарта отырып, өндірісті экологизациялау бағдарламасын құрастыру.

Алтыншы саты. Осы бағдарламаны іске асыру тетігін әзірлеу және пайдалану, оның ішінде қызметкерлердің шығармашылық әлеуетін ашуға көмектесетін шаралар мен ынталандырулар, оны жүзеге асыруға үлес қосқан қызметкерлерге қосымша марапаттарды ұйымдастыру [3].

Алғашқы қадамнан кейін – экологиялық менеджмент басқармасының қызметкерлерін қалыптастыру жоспарланғаннан кейін, экологиялық мақсаттар мен міндеттерді, өндіріс көлемін, оның қызметінің басым экологиялық аспектілерін ескере отырып, экологиялық менеджмент жүйесінің құрылымының таңдау керек.

Кәсіпорындағы мамандандырылған қызметтің немесе экологиялық менеджердің лауазымына сәйкес, кәсіпорында ЭМЖ құрылымының 4 бөлінеді:

1) кәсіпорында мамандандырылған қызметтің жоқтығы сипатталатын және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жеке маманның болмайтын құрылымы;

2) мамандандырылған қызмет қарастырылмаған құрылым, бірақ кәсіпорынның басқа бөліміне кіретін, қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен айналысатын маман (менеджер-эколог) қызмет атқарады.

3) экологиялық менеджмент қызметі бар құрылым, бірақ бұл бөлімнің кәсіпорын басшылығының иерархиясында жеткілікті салмағы (өкілеттіктері) жоқ;

4) экологиялық менеджмент қызметі кәсіпорынның бас директорының орынбасарына немесе бас инженердің (техникалық директордың) орынбасарына тең дәрежеде өкілеттілігі бар бөлек бөлімде қызмет атқаратын құрылым.

Сарапшылардың пікірінше, қоршаған ортаны басқару саласындағы міндеттерді шешуді кез келген лауазымды адамға, мысалы, бас инженер, бас технолог, бас энергетик немесе өнеркәсіптік кәсіпорынның экологиялық қызметінің басшысы, қосымша жүктеме ретінде енгізілген құрылым ең тиімсіз болып табылады. Мұның себебі, бұл қызметкерлер ең алдымен тікелей міндеттерін орындайды, артынша экологиялық менеджмент саласындағы қызметке жеткіліксіз көңіл бөлінеді, ол көбінесе ресми талаптарға, атап айтқанда, есепке алу құжаттамасын жүргізумен шектеліп қалады.

Басқару құрамына, мысалы, өндірістік-техникалық бөлімнің құрамына кіретін өнеркәсіптік кәсіпорынның экологиялық менеджерінің қатысуымен анықталатын құрылым да төмен өнімділікпен сипатталады. Бұл орайда кәсіпорындағы экологиялық менеджмент жүйесіне уақыттың аз бөлінуі кері әсер тигізеді.

Экологиялық менеджмент қызметі өз менеджері бар, бірақ кәсіпорынның иерархиялық құрылымында жеткілікті салмағы жоқ, бөлек бөлімшесіне бөлінуі мүмкін. Бұл бөлім қызметкерлеріне экологиялық проблемаларды жан-жақты зерттеуге және оларды басқару міндеттерін шешуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда экологиялық менеджмент бөлімінің қызметі оның жұмыс істеу тиімділігіне және өндірісті басқарудың жалпы жүйесін сақтауына қосатын үлесіне байланысты болады. [4].

ЭМЖ ұйымдастырудың соңғы құрылымы кәсіпорынның негізгі өндірістік және экологиялық мақсаттары мен міндеттерін тиімді түрде біріктіруге, сондай-ақ қоршаған ортаны басқару саласында экономикалық тиімді қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Дегенмен, көптеген кәсіпорын басшылары төртінші типтегі құрылымды қажет етпейтінін, оның көп шығын әкелетінін пайымдайды.

Экологиялық менеджмент басқармасының құрылымын ұйымдастыру жолдары құрылым қызметін ұйымдастыру әдісіне сәйкес жіктеледі:

1. Қызметкерлердің міндеттері қоршаған ортаға әсер ету түріне қарай бөлінетін *дифференциалды түрдегі экологиялық қызметтер*. Осындай қызметтердің көпшілігінде жұмыс істейтін қызметкерлерді келесідей жіктеуге болады:

- атмосфералық ауаны қорғау;
- су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану;
- өндірістік және тұтыну қалдықтарынан қоршаған ортаны қорғау;
- жер ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану.

Осы типтегі экологиялық қызметтердегі жауапкершілікті бөлу мемлекеттік экологиялық бақылау органдарының құрылымына ұқсас. Мұндай жауапкершілікті бөлу экологиялық қызмет бөлімінің 10 адамнан асатын ірі кәсіпорындарға (өндірістік бірлестіктерге) негізделген.

Осы типтегі экологиялық қызметтер құрылымының кемшіліктеріне мамандардың қызмет саласының оқшаулануын және мамандардың қандай да бір себептермен өз жұмысын орындай алмайтын жағдайлардың ықтималдылығына жатқызады, сондай-ақ кешенді экологиялық шешімдерді қабылдаудағы ұйымдастырушылық қиындықтар саналады.

Экологиялық қызметтің осы түрінің артықшылығы: нақты қызмет саласының талаптары мен мүмкіндіктерін мұқият зерделеу, мысалы, өндіріс пен тұтыну қалдықтары саласында тиімді басқаруды жүзеге асыру және дұрыс шешім қабылдау.

2. *Интеграцияланған типтегі экологиялық қызметтер.* Кәсіпорындағы экологиялық менеджмент қызметіне жауапты бөлімшенің қызметкерлері қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөнінде жұмыстарды орындайды. Мұндай экологиялық қызметтің құрылымы орта және шағын кәсіпорындар үшін тиімді болып саналады. Осы типтегі экологиялық қызметтің артықшылықтары:

- қызметкерлердің өзара алмасуы (кез келген қызметкер болмаған кезде, басқа мамандар өз міндеттерін сәтті орындауы мүмкін);

- жұмыстың кешенді сипаты (қоршаған ортаға әсер етудің бір түріне қатысты мәселелерді қараған кезде, осындай әсердің басқа аспектілері ескеріледі). Мысалға, қоқысты шығару лимиттерін негіздеу кезінде осы саладағы білім мен әдістер ғана емес, сонымен қатар ауаға әсер ету, су мен жер ресурстарын ұтымды пайдалану саласын да ескеру маңызды болып табылады;

- тиісті экологиялық саясатты әзірлеу, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы кәсіпорынның күрделі мақсаттары мен міндеттерін айқындау;

- қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың ең тиімді басқару жолы; мұндай менеджмент қоршаған ортаны қорғау саясаты мен стратегияларын, мақсаттары мен міндеттерін айқындауда тек кешенді тәсілмен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

3. *Аралас типтегі экологиялық қызметтер.* Осындай экологиялық қызметтердің қызметкерлері қоршаған ортаға әсердің әртүрлі түрлерімен байланысты міндеттерді орындай алады, сондай-ақ нақты технологиялық операциялардың экологиялық мәселелерімен айналысады. Осы түрдегі экологиялық қызметтер жоғарыда сипатталған қызметтердің артықшылықтары мен кемшіліктеріне ие.

Автордың пікірінше, экологиялық қызметті ұйымдастыру құрылымын таңдауда кешенді тәсілді қолдану қажет, себебі ЭМЖ ұйымдық құрылымы тұтастай кәсіпорын жүйесінің тиімділігіне байланысты бірқатар маңызды міндеттерге ие. Ең алдымен, экологиялық менеджмент қызметі өнеркәсіптік кәсіпорынның жеке бөлімшесі ретінде бөлінуі керек. Ұйымдастыру құрылымы ЭМЖ-нің әрбір қызметкерінің анықталған экологиялық мақсаттары мен міндеттеріне, өндіріс ауқымына, өнеркәсіптік кәсіпорынның басым экологиялық аспектілеріне сәйкес рөлін анықтайды. ЭМЖ ұйымдастырушылық құрылымын таңдағаннан кейін, кәсіпорында қоршаған ортаны басқаруды жүзеге асырудың басымдықтарын негіздеуге кірісу керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Яндыганов Я. Я., Власова Е. Я. Экономика природопользования. М. : КноРус, 2005.
2. Седов В. В. Экологический менеджмент на предприятии: вопросы теории и практики: http://www.lib.csu.ru/8/1999_01/029.pdf.
3. Мочалова Л. А. Методология и механизмы обеспечения экологической устойчивости промышленного предприятия : автореф. дис. ... д-ра экон. наук. Екатеринбург, 2009.
4. Бутко Г. П., Поротников П. А., Велиева О. В. Управление природоохранной деятельностью на основе кластера инновационного типа // Изв. Урал. гос. экон. ун-та. 2010. № 2 (28).